



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

29 қараша 2019 ж
Атырау қаласы

№ 765

**Денсаулық сақтау саласын
дамытудың кейбір мәселелері
туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 20 мамырдағы «Ұлт жоспары – 100 нақты қадам» бағдарламасының 81-қадамына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 15 қаңтардағы №176 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасына сәйкес, сондай-ақ, мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарында тиімді басқаруды қамтамасыз ету және корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру, Қазақстан Республикасында міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру және тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде медициналық қызметтерді көрсету, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету, қайта реттеу және мемлекеттік жекешелік әріптестікті дамыту бағыттары бойынша денсаулық сақтау саласын дамыту мақсатында, Атырау облысы әкімдігінің 2017 жылғы 23 мамырдағы №125 «Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы» қаулысына сәйкес және «Денсаулық сақтауды дамыту республикалық орталығы» ШЖҚ РМК—мен жасақталған типтік Корпоративтік басқару кодексін басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес байқау кеңесі бар шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындарда Корпоративтік басқару кодексі бекітілсін.

2. Медицина ұйымдарының басшыларына:

1) Осы бұйрықтан туындайтын барлық шараларды қабылдасын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Негіздеме: Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының персоналды басқару қызметі бөлімінің басшысы А.Уайсованың 2019 жылғы қызметтік жазбасы.

Басқарма басшысының
міндетін уақытша атқарушы

Г.Танбаева

Заңгер:

Бұйрықпен таныстырылсын

00 0 7 6 5